

Толық маусым ішіндегі жұмыс жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін бір жылғы жұмыс өтіліне есепке алынатын өнеркәсіптің маусымдық салаларының тізімін және Жасына байланысты зейнетақы төлемдерін бір жарым есе мөлшерде тағайындауға еңбек өтілін жеңілдікпен есептеу үшін сот-медициналық сараптаманы және патологиялық-анатомиялық диагностиканы жүзеге асыратын ұйымдардағы жұмыстар тізбесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 27 тамыздағы № 865 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 528 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 30.06.2023 № 528 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 14.04.2016 № 215 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабы 2-тармағының 8) және 10) тармақшаларына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) Толық маусым ішіндегі жұмыс жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін бір жылғы жұмыс өтіліне есепке алынатын өнеркәсіптің маусымдық салаларының тізімі;

2) Жасына байланысты зейнетақы төлемдерін бір жарым есе мөлшерде тағайындауға еңбек өтілін жеңілдікпен есептеу үшін сот-медициналық сараптаманы және патологиялық-анатомиялық диагностиканы жүзеге асыратын ұйымдардағы жұмыстар тізбесі бекітілсін.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 14.04.2016 № 215 қаулысымен.**

2. "Өнеркәсіптік толық маусым ішіндегі жұмысы жыл бойғы жұмыс үшін зейнетақы тағайындауға арналған стажға есептелетін маусымдық салаларының тізімі мен Орындалу уақыты денсаулық сақтау мекемелері медициналық қызметкерлерінің жекелеген санаттарына зейнетақы тағайындауға арналған еңбек стажының бір жарым мөлшеріне есептелетін жұмыстардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 3 желтоқсандағы № 1679 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

С.Ахметов

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2013 жылғы 27 тамыздағы

№ 865 қаулысымен

бекітілген

**Толық маусым ішіндегі жұмыс жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін бір жылғы жұмыс өтіліне есепке алынатын өнеркәсіптің маусымдық салаларының тізімі**

**Ескерту. Тізімнің тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 14.04.2016 № 215 қаулысымен.**

1. Ағаш дайындау және ағаш ағызу.
2. Ет және сүт өнеркәсібі.
3. Балық өнеркәсібі.
4. Өнеркәсіптің қант және консерві салалары.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2013 жылғы 27 тамыздағы

№ 865 қаулысымен

бекітілген

**Жасына байланысты зейнетақы төлемдерін бір жарым есе мөлшерде тағайындауға өтілін жеңілдікпен есептеу үшін сот-медициналық сараптаманы және патологиялық-анатомиялық диагностиканы жүзеге асыратын ұйымдардағы жұмыстар тізбесі**

**Ескерту. Тізбе жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 14.04.2016 № 215 қаулысымен.**

Жұмыстардың атауы	Лауазымы
Республикалық, облыстық және қалалық патологиялық-анатомиялық бюролар, орталықтандырылған патологиялық-анатомиялық бөлімшелер және денсаулық сақтау ұйымдарының патологиялық-анатомиялық бөлімшелері	
Мәйіттерді патологиялық-анатомиялық ашу және операция мен биопсиялар кезінде алынған мәйіт материалын, органдар мен тіндерді гистологиялық зерттеу	Патологоанатом дәрігерлер
Патологиялық-анатомиялық ашуларды жүргізуге қатысу	Орта медициналық персонал
Мәйіттік, операциялық және биопсиялық материалды өңдеу	Кіші медициналық персонал

"Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот медицинасы орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны, аумақтық филиалдары, аудандық және ауданаралық бөлімшелері

Мәйіттерге және мәйіт материалына сот-медициналық сараптамалар	Дәрігерлер және мамандар, сот-медициналық сарапшылар
Мәйіттердің сот-медициналық сараптамаларын жүргізуге, мәйіт материалын өңдеуге қатысу	Орта медициналық персонал Кіші медициналық персонал

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК